

Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 18 қарашада № 9876 тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағына, 38-бабының 1-тармағына, 57-бабының 3-тармағына, 61-бабының 1 және 4-тармақтарына, 62-бабының 1-тармағына және "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қ. Келімбетов

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 22 қазандағы
№ 210 қаулысымен
Бекітілген

Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді- көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 36-бабының 1-тармағына, 38-бабының 1-тармағына, 57-бабының 3-тармағына, 61-бабының 1 және 4-тармақтарына, 62-бабының 1-тармағына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзірленді және эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу, номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде эмитенттердің эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша міндеттемелері жөнінде талап ету құқықтарын басқаға беру тәртібін және

орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірме беру талаптары мен тәртібін, сондай-ақ орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша номиналды ұстаушының клиенттері, номиналды ұстауындағы бағалы қағаздар туралы ақпаратты беру тәртібін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қағидалардың мақсаты үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты – клиентке ашылған және оның бағалы қағаздарын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке алуға арналған жеке шот;

2) жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шоты – эмитентке номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған, пайларды қоспағанда, орналастырылмаған бағалы қағаздарды есепке алу жүзеге асырылатын жеке шот;

3) исламдық бағалы қағаздар – исламдық жалға беру сертификаттары мен исламдық қатысу сертификаттары;

4) қаржы ұйымы – банк, инвестициялық портфельді басқарушы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;

5) номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі операция – номиналды ұстауды есепке алу жүйесіне деректерді енгізу (өзгерту) және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесін құрайтын ақпаратты дайындау және ұсыну нәтижесі болып табылатын номиналды ұстаушы іс-әрекеттерінің жиынтығы;

6) номиналды ұстаушының жеке шоты – номиналды ұстаушыға ашылған және оның клиенттерінің бағалы қағаздарын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке алуға арналған жеке шот;

7) операциялық күн – номиналды ұстаушы бұйрықтарды қабылдауды, өңдеуді, жеке шоттар бойынша операцияларды тіркеуді және ақпараттық операцияларды жүзеге асыратын уақыт кезеңі;

8) "репо" операциясы – тараптары екі бірдей тұлғалар болып табылатын ("репо" операциясына қатысушылар), "репо" операциясының мәні бір шығарылымның бағалы қағаздарымен жасалған орындалу мерзімі бойынша ерекшеленетін және бағыттары бойынша бір-біріне қарама-қарсы, бір уақытта жасаған екі мәміленің жиынтығы;

9) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

10) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

11) электрондық құжат – өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

12) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 262 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Номиналды ұстаушы клиентпен номиналды ұстау туралы шарт жасасқаннан кейін клиентке номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот және орталық депозитарийге осы клиентке бірегей код беру үшін жүгінеді, сондай-ақ егер бұл номиналды ұстаушы мен оның клиенті арасында жасалған шартта көзделсе, орталық депозитарийдің және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымының есепке алу жүйесінде клиенттің қосалқы шотын ашады.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – № 307 Қағидалар) 18-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жасырын жеке шоттар мен қосалқы шоттарды, сондай-ақ ойдан шығарылған атауларға жеке шоттар мен қосалқы шоттарды ашуға жол берілмейді.

Осы Қағидалардың мақсатында шетелдік есеп айырысу ұйымы болып мыналар ұғынылады:

Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) және Fitch (Фич) рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi ;

Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) және Fitch (Фич) рейтингтік агенттіктердің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген міндеттерді жүзеге асыратын номиналды ұстаушының функцияларына ұқсас функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйым;

Бағалы қағаздарға қызмет көрсету мәселелері жөніндегі халықаралық қауымдастықтың (International Securities Services Association) (Интернэшнл Секьюритис

Сервисес Ассоциэйшн) мүшесі болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-ұйымы;

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9249 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидалары, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібінің 8-тармағында көрсетілген шетелдік есеп айырысу ұйымдары.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-1. Қағидалардың мақсаттары үшін шетелдік есепке алу ұйымы деп ол тіркелген мемлекеттің заңнамасына сәйкес орталық депозитарийдің депоненті болып табылатын және мынадай шарттардың біріне сәйкес келетін Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген номиналды ұстаушының функцияларына ұқсас функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйым түсініледі:

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының мүшесі, ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының мүшесі немесе байқаушысы және (немесе) Еуропа Кеңесінің Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес шараларын бағалау жөніндегі сарапшылар комитетінің мүшесі және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылатын мемлекеттегі мекеме орны бар шетелдік ұйым;

осы шетелдік ұйымның шыққан мемлекетінің шетелдік қадағалау органы Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының консультациялар, ынтымақтастық және ақпарат алмасу мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумға қол қойды.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде шетелдік есепке алу ұйымының жеке шотын ашу, жүргізу және жабу Қағидаларға және № 307 қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Шетелдік есепке алу ұйымының есепке алу жүйесіндегі клиенттің шотындағы бағалы қағаздарға қатысты құқықтарды есепке алу және мәмілелерді тіркеу ол тіркелген мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Шетелдік есептік ұйымның жеке шотынан үзінді көшірмені орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) шетелдік есептік ұйымның есепке алу жүйесінде беру тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағымен айқындалады.

Ескерту. Қағидалар 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 43 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Жеке тұлға-клиентке жеке шот (қосалқы шот) ашу кезінде номиналды ұстаушы жеке тұлға-клиент ұсынған мәліметтер негізінде осы жеке тұлға-клиенттің салық резиденттігін белгілейді.

4. Номиналды ұстаушының операциялық күні бір күн ішіндегі жұмыс уақытының кемінде жеті сағатын құрайды.

5. Номиналды ұстаушы жеке шотқа жеке нөмір береді. Номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі клиенттің жеке шоты мыналар туралы мәліметтерді қамтиды:

1) тіркелген тұлға (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе бағалы қағаздарды ұстаушының атауы, клиенттің резиденттік белгілері, жеке тұлғаның азаматтығы туралы мәліметтер, экономика секторы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес) заңды тұлғаның тіркелуін растайтын құжат туралы мәліметтер немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер, жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса) (бұдан әрі – БСН), почта және заңды мекенжайлары, банк деректемелері (оның ішінде бағалы қағаздар бойынша өтелетін сыйақы мен сомаларды аударуға арналған банк деректемелері және бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған банк деректемелері), салық жеңілдіктері туралы мәліметтер және орталық депозитарийге және (немесе) номиналды ұстаушыға қағидалар жинағына немесе номиналды ұстаушының ішкі құжатына сәйкес қосалқы шотты және (немесе) тиісінше жеке шотты ашу үшін қажет болатын ақпарат);

2) осы жеке шотта (қосалқы шотта) тіркелген бағалы қағаздардың саны, түрі және сәйкестендіру нөмірі;

3) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының саны және сәйкестендіргіші;

4) ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқығының) саны;

5) пайдасына бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған тұлғалар туралы (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы);

6) оқшауланған бағалы қағаздардың саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы);

7) "репо" операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың саны;

8) осы жеке шот бойынша тіркелген мәмілелер және номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде көрсетілген операциялар:

мәміле (операция) түрі;

оны тіркеу күні және уақыты;

мәмілені (операцияны) жүргізу негіздемесі;

операцияға қатысқан жеке шоттардың нөмірлері;

оларға қатысты мәміле тіркелген бағалы қағаздардың саны, түрі, сәйкестендіру нөмірі (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының саны және сәйкестендіргіші);

9) операциялардың (мәмілелердің) белгілі түрлері үшін қажетті мәліметтер.

Депонент клиентінің орталық депозитарийдегі қосалқы шоты осы тармақтың 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерден басқа № 307 Қағидалардың 37-1 және 37-2-тармақтарына сәйкес депонент клиентінің орталық депозитарий тағайындаған айрықша коды туралы мәліметтерді қамтиды, сондай-ақ олар орталық депозитарийге берілген жағдайда қосымша мәліметтерді қамтиды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Жеке шоттарда мынадай бөлімдер ашылады:

1) "негізгі" - мәмілелер жүргізуге шектеулер белгіленбеген бағалы қағаздарды есепке алуға арналған (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы);

2) "оқшаулау" - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осындай шешімді қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның шешімі негізінде бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының) сақталуына кепілдік беру мақсатында жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығымен) азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салынған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) есепке алуға арналған;

3) "репо" - автоматты тәсілмен және Орталық контрагенттің қызметін пайдаланбай жасалған "репо" операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздарды есепке алуға арналған;

4) "ауыртпалық салу" - азаматтық-құқықтық мәміле негізінде туындаған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) ұстаушының басқа тұлғалар алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін мәмілелерді жүзеге асыруға шектеулер қойылған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) есепке алуға арналған;

5) "клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) бөлімдері" - клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорына жарналар, маржа жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық тәсілмен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын қаржы құралдарын есепке алуға

арналған, осы бөлім бойынша операциялар клирингтік қатысушының жасасқан мәмілелер бойынша барлық өз міндеттемелерін орындаған және (немесе) дефолтты реттеу бойынша рәсімдер өткеннен кейін клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) тиісті өкімі болған кезде ғана жасалады.

Номиналды ұстаушы қажет болған кезде жеке шотта бағалы қағаздарды есепке алу үшін қосымша бөлімдер ашады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Номиналды ұстаушының жеке шоты номиналды ұстаушыларға орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде немесе кастодианның есепке алу жүйесінде немесе шетелдік есеп айырысу ұйымында олар шетелдік бағалы қағаздарға қатысты немесе басқа шетелдік есеп айырысу ұйымдарға номиналды ұстау қызметін көрсету кезінде жеке шотты ашуға бұйрықтың және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында немесе кастодианның немесе шетелдік есеп айырысу ұйымдарының ішкі құжатында айқындалған құжаттар негізінде ашылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Номиналды ұстаушы жеке тұлғаға номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот ашуды жеке шотты ашуға арналған бұйрықтың, адамның жеке басын куәландыратын құжаттың не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттың (сәйкестендіру үшін) және номиналды ұстау туралы шарттың негізінде жүзеге асырады.

Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, жеке тұлғаға электрондық құжат нысанында немесе клиентті серпінді және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы (номиналды ұстаушының клиенті электрондық қызмет алуға өтініш жасаған жағдайда) куәландырған өзге электрондық-цифрлық нысанда жеке шот ашуға бұйрық беру кезінде жеке тұлғаның электрондық бұйрығына осы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаттың (сәйкестендіру үшін) немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және оның жеке сәйкестендіру нөмірі қоса беріледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 13.12.2021 № 104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Номиналды ұстаушы заңды тұлғаға номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот ашуды мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырады:

1) жеке шотты ашуға арналған бұйрық;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;

3) номиналды ұстау туралы шарт;

4) Қазақстан Республикасының резиденті - заңды тұлға үшін:

жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие заңды тұлға өкілдерінің мыналар туралы мәліметтер қамтылатын нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері бар құжат:

номиналды ұстаушының атауы;

құжатқа қол қоюға құқық беретін, номиналды ұстаушының клиенті - заңды тұлғаның атауы;

номиналды ұстаушының клиенті өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

осы құжаттағы қол қою үлгілері номиналды ұстау жүйесінде ашылған клиенттің жеке шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналатындығына нұсқау;

Қазақстан Республикасының бейрезиденті - заңды тұлға үшін:

жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие заңды тұлға өкілдерінің қол қою үлгілері бар құжат;

жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін растайтын заңды тұлғаның уәкілетті органының сенімхаттары немесе шешімдері.

Номиналды ұстау жүйесінде заңды тұлғаға екі және одан да көп жеке шот ашылған жағдайда, осы тармақтың 2), 3), 4) тармақшаларында атап көрсетілген құжаттар бірінші жеке шот ашылған кезде ұсынылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие инвестициялық портфельді басқарушы өкілдерінің мыналар туралы мәліметтер қамтылатын нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері бар құжат:

1) инвестициялық портфельді басқарушының жеке шотын ашуға арналған бұйрық;

2) жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие инвестициялық портфельді басқарушы өкілдерінің нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері және оның мыналар туралы мәліметтер қамтылатын мөр бедері бар құжат:

номиналды ұстаушының атауы;

инвестициялық портфельді басқарушы өкілдерінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

инвестициялық портфельді басқарушының атауы;
инвестициялық портфельді басқарушы өкілдерінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

осы құжаттағы қол қою үлгілері номиналды ұстау жүйесінде ашылған инвестициялық пай қорының жеке шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналатындығына нұсқау;

3) номиналды ұстаушының ішкі құжатымен көзделген өзге құжаттар.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.07.2018 № 166; 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

11. Номиналды ұстаушы инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі – инвестициялық портфельді басқарушы) клиенттеріне мынадай құжаттар негізінде жеке шоттар ашады:

1) инвестициялық портфельді басқару шартына немесе клиенттің сенімхатына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушы не оның клиенті дербес берген жеке шотты ашуға арналған бұйрық;

2) Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көрсетілген құжаттар;

3) инвестициялық портфельді басқару шартының көшірмесі немесе клиенттің шоты бойынша бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыруға арналған клиенттің сенімхаты;

4) жеке шоттар бойынша операциялар мен ақпараттық операцияларды тіркеу құжаттарына қол қою құқығына ие инвестициялық портфельді басқарушы өкілдерінің мыналар туралы мәліметтер қамтылатын нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері бар құжат:

номиналды ұстаушының атауы;

құжатқа қол қоюға құқық беретін номиналды ұстаушы клиентінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса));

инвестициялық портфельді басқарушының атауы;

инвестициялық портфельді басқарушы өкілдерінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

осы құжаттағы қол қою үлгілері номиналды ұстау жүйесінде ашылған клиенттің жеке шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналатындығына нұсқау;

5) номиналды ұстаушының ішкі құжатымен көзделген өзге құжаттар.

Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті инвестициялық портфельді басқару қызметімен қоса жүзеге асыратын ұйым мынадай талаптар сақталған кезде онымен, оның ішінде осы ұйымның инвестициялық басқаруындағы инвестициялық қордың бағалы қағаздарын ұстаушымен инвестициялық портфельді басқару шарты

жасалған клиенттің бағалы қағаздарын номиналды ұстауды жүзеге асыруға құқылы болады:

- номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті инвестициялық портфельді басқару қызметімен қоса жүзеге асыру кезінде номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға тартылған бөлімшелер қызметкерлерінің инвестициялық портфельді басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын бөлімшелер қызметкерлерінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыруына жол берілмейді;

- номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті инвестициялық портфельді басқару қызметімен қоса жүзеге асыру кезінде бірінші басшыны қоспағанда, лауазымды адамның инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет және брокерлік және (немесе) дилерлік қызмет мәселелеріне бір мезгілде жетекшілік етуіне жол берілмейді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11-1. Уәкілетті органның кастодиандық қызметті және (немесе) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияға ие қаржы ұйымдары қайта ұйымдастырылған кезде бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотын ашу операцияларын номиналды ұстаушы орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінен алынған тіркелген операциялар туралы есептің негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоты эмитентке номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шотты ашуға арналған бұйрықтың және андеррайтинг келісімінің, сондай-ақ Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде бағалы қағаздарды орналастыру кезінде ашылады.

13. Эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоты эмитентке номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде оның жеке шотты ашуға арналған бұйрығы, сондай-ақ Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде ашылады.

14. Эмитенттің орналастырылмаған және сатып алынған бағалы қағаздары орталық депозитарий қағидаларының жинағына сәйкес қажетті эмитенттің барлық деректемелерін ашумен орталық депозитарийде номиналды ұстаушы ашқан қосалқы шоттарда ескеріледі.

15. Қағидалардың 39-тармағының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен ұсынылатын бұйрықтарды қоспағанда, жеке шотты ашуға арналған бұйрыққа заңды тұлғаның өкілі (жеке тұлға немесе оның өкілі) қол қояды және онда мынадай мәліметтер қамтылады :

- 1) заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
- 2) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері;
- 3) жеке тұлғаның туған күні;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі;
- 5) заңды тұлғаның орналасқан жері (жеке тұлғаның тұрғылықты жері), пошталық мекенжайы;
- 6) жеке тұлғаның ЖСН-ы немесе заңды тұлғаның БСН-ы (бар болса), бағалы қағаздарға қатысты оған қолданылатын салық жеңілдіктері туралы мәліметтер;
- 7) заңды тұлғаның тіркелген жері (жеке тұлғаның азаматтығы) туралы мәліметтер;
- 8) экономика секторы;
- 9) банк деректемелері (бар болса);
- 10) номиналды ұстаушының ішкі құжатына сәйкес орталық номиналды ұстаушыға қажетті мәліметтер.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шот ашуға бұйрыққа заңды тұлғаның өкілі (жеке тұлға немесе оның өкілі) қол қояды және орталық депозитарийдің жиынтық қағидаларында көзделген мәліметтер қамтылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Номиналды ұстаушы орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен күн сайын есепті күннен кейінгі жұмыс күнінің Астана қаласының уақыты бойынша сағат 16:00-ден кешіктірмей орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған және оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын жиынтық есепке алуға арналған депоненттің қосалқы шоты бойынша мынадай:

осы қосалқы шотта есепті күннің басына және соңына есептелетін қаржы құралдарының қалдықтары;

есепті күн ішінде осы қосалқы шот бойынша жасалған номиналды ұстаушы клиенттерінің дербес шоттары бойынша тіркелген қаржы құралдарымен жасалатын операциялар туралы электрондық деректерді беруді жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талабы орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарын жиынтық есепке алуға арналған депоненттің қосалқы шотының мәліметтері ұсынылатын күнге жоқ депоненттерге қолданылмайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

18. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу, эмитенттердің номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша міндеттемелері жөнінде талап ету құқықтарын басқаға беру тәртібі. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірме беру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Номиналды ұстауға берілген, ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған нарықта эмиссиялық бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарымен) жасалған мәмілелерді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркеу жеке шоттар бойынша тиісті операцияларды жүргізу арқылы жүргізіледі.

Бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуге арналған бұйрықты орындаудан бас тарту үшін Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген негіздер болмаған кезде бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуге арналған бұйрықты орындауды номиналды ұстаушы, егер Қағидаларда және (немесе) орталық депозитарийдің жиынтық қағидаларында бұйрықты орындаудың өзге мерзімі көзделмесе, қарсы бұйрықты алған күннен кейін екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Айналыс мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есепке алу осы эмиссиялық бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру нөмірін (ISIN коды) көрсете отырып, орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіпте орталық депозитарий беретін сәйкестендіргіштер бойынша номиналды ұстаушы жүзеге асырады.

Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарындағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сандық мәні осы талап ету құқығы туындаған эмиссиялық бағалы қағаздардың (Қазақстан Республикасының

атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде оқшаулау операциялары жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) санына сәйкес айқындалады.

Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарындағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сандық мәні осы талап ету құқығы туындаған эмиссиялық бағалы қағаздардың (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде оқшаулау операциялары жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) санына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде операциялардың мынадай түрлері жүзеге асырылады:

1) жеке шоттар бойынша операциялар:

жеке шотты ашу;

бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығын) ұстаушы туралы мәліметтерді өзгерту;

бағалы қағаздардың күшін жою;

бағалы қағаздарды өтеу;

бағалы қағаздарды ұстаушылардың шоттарынан (шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу);

бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан (шоттарына) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есептен шығару (есепке жазу);

орналастырылған акциялар санының (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) ұлғаюына байланысты бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотында (қосалқы шотында) акциялар санының ұлғаюы туралы жазбаларды енгізу;

эмитенттің бағалы қағаздарын және өзге де ақшалай міндеттемелерін эмитенттің жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу;

эмитенттің орналастырылған акцияларының бір түрін осы эмитент акцияларының басқа түріне айырбастау туралы жазбаларды енгізу;

бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығына) ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау;

бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығын) оқшаулау және оқшаулауды алып тастау;

сенімгерлік басқарушы туралы жазбаларды енгізу және сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны алып тастау;

жеке шотты жабу;

2) ақпараттық операциялар:

жеке шоттың үзінді көшірмесін беру;

жүргізілген операциялар туралы есепті беру;

бағалы қағаздарды ұстаушылардың, орталық депозитарийдің, эмитенттердің және уәкілетті органның сұратулары бойынша басқа есептерді дайындау және беру.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Номиналды ұстаушы ішкі құжатпен белгіленген тәртіппен:

1) клиенттердің жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеу үшін қабылданған бұйрықтарын және олардың орындалуын (орындалмауын);

2) жеке шоттар бойынша операцияларды;

3) жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге арналған құжаттарға қол қоюға сенімхаттарды;

4) клиенттерден алынған жазбаша нұсқауларды акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібін көрсете отырып тіркеу журналдарын жүргізу арқылы шынайы және өзекті есепке алуды жүзеге асырады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Бір номиналды ұстаушының клиенттері арасында операциялар жүргізу кезінде бағалы қағаздар бойынша құқықтарының өтуін тіркеуді номиналды ұстаушы жүзеге асырады және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі. Номиналды ұстаушы номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоттар бойынша операция жүргізу күні клиенттің орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоты бойынша тиісті бұйрықты жібереді. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бір номиналды ұстаушының клиенттері арасындағы операциялар номиналды ұстау жүйесінде операцияны жүргізу күнімен көрсетіледі. Номиналды ұстаушы клиентке оның бұйрығының орындалғандығы туралы есепті орталық депозитарийден операцияның жүргізілгені туралы растаманы алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген талаптар орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған және оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарының біріктірілген есебіне алуға арналған депоненттің қосалқы шоты бойынша операциялар жүргізілген жағдайларда қолданылмайды.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған және оның клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарының біріктірілген есебіне алуға арналған депоненттің қосалқы шоты бойынша операциялар жүргізілген жағдайларда бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өтуін тіркеуді депонент жүзеге асырады, ол клиентке бұйрықтың орындалуы туралы есепті операциялар жүргізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Бұйрықтың орындалуы туралы есеп клиентке пошта арқылы не клиенттің немесе оның заңды өкілінің қолына тапсырылады, не номиналды ұстаушының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында жасалып беріледі.

Депоненттің клиентіне бұйрықтың орындалғаны туралы есепті орталық депозитарий ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық құжат нысанында орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және талаптармен орталық депозитарий жүргізілген операцияны растаған күні жібереді.

Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның клиентіне бұйрықтың орындалғаны туралы есепті кастодиан сақталуын және есепке алынуын осы кастодиан жүзеге асыратын шетелдік бағалы қағаздар бойынша кастодианның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және талаптармен кастодиан жүргізілген операцияны тіркеген күні ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып электрондық құжат нысанында жібереді.

Түрлі номиналды ұстаушылардың клиенттері арасында операциялар жүргізу кезінде бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өтуін тіркеу олардың орталық депозитарийдегі олардың жеке шоттары бойынша кейіннен номиналды ұстаушыларды есепке алу жүйесінде көрсете отырып жүзеге асырылады. Номиналды ұстаушылар өз клиенттерінің қосалқы шоттары бойынша мәмілелерді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеу туралы бұйрықтарды клиенттің тиісті бұйрығы номиналды ұстау жүйесінде тіркелген күні жібереді.

Орталық депозитарийден жеке шоттар бойынша операциялар жүргізілгені туралы растау алған күні номиналды ұстаушы мұндай операцияны номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде көрсетеді.

Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың нарығында орталық депозитарийдің клиенті мен номиналды ұстаушының клиенті арасында операция жүргізу кезінде бағалы қағаздар бойынша құқықтың берілуін тіркеуді орталық депозитарий орталық депозитарийдің клиенті мен номиналды ұстаушының жеке шоттары бойынша мәмілеге қатысушылардың қарсы бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды өзгертуді немесе тоқтатуды тіркеуді номиналды ұстаушы заң күшіне енгізілген, 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – Азаматтық процестік кодекс) 226-бабына сәйкес ресімделген, номиналды ұстаушы алған сот шешімі негізінде жүзеге асырады және ол орталық депозитарийдің есепке алу

жүйесінде көрсетіледі. Номиналды ұстаушы тіркеген, сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды өзгерту немесе тоқтату номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот бойынша операция жүргізілген күні орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі.

Сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды өзгертуді немесе тоқтатуды орталық депозитарий заң күшіне енгізілген, Азаматтық процестік кодекстің 226-бабына сәйкес ресімделген, орталық депозитарий алған сот шешімі негізінде жүзеге асырады және ол номиналды ұстаушының есепке алу жүйесінде көрсетіледі. Орталық депозитарий тіркеген, сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтарды өзгерту немесе тоқтату орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шот бойынша операция жүргізілген күні номиналды ұстаудың есепке алу жүйесінде көрсетіледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22-1. Кастодианның есепке алу жүйесінде зейнетақы активтерін есепке алу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32997 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 58 қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін есепке алуды және бағалауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 22-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

23. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтері жоқ клиенттің өтінімі негізінде номиналды ұстаушы оған осындай өтінімді алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осы клиенттің басымдықпен сатып алу құқығын іске асыруға өтінім беру туралы тапсырманы жібереді.

24. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Эмитент эмитенттің осы операцияны жүргізуі көзделетін, сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында айқындалған сауда-саттықты жүргізу әдісімен бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылған облигацияларды сатып алуды жүргізген кезде орталық депозитарийде номиналды ұстаушының жеке шоты шеңберінде ашылған эмитенттің қосалқы шоты көрсетіледі.

Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушының бұйрығы негізінде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген орналастырылған облигацияларды сатып алу шеңберінде жасалған мәмілелерді тіркеу бойынша операцияларды жүргізеді.

26. Номиналды ұстаушы жеке шоттар бойынша операцияларды жүргізерден бұрын бұйрықтарға қойылған қолтаңбалардың заңды тұлға өкілдерінің нотариалды куәландырылған қол қою үлгілері бар құжатта немесе жеке тұлғаның не мәміленің тарабы болып табылатын оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қолтаңбаларға сәйкестігін салыстырып тексереді.

Бұйрықтағы қол қою үлгісінің заңды тұлға өкілдерінің қол қою үлгілерін нотариалды куәландырылған құжаттағы немесе жеке тұлғаның не мәміле жасаушы тарап болып табылатын оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттағы қол қоюға сәйкес еместігі көзбен шолып өткенде байқалса, егер номиналды ұстаушының жауапты қызметкерінің қатысуымен клиент бұйрыққа қол қоймаса, номиналды ұстаушы клиентке бұйрықта көрсетілген іс-әрекетті жасау ниетін растау туралы сұрату жібереді.

26-1. Алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Номиналды ұстаушы бұйрықтың орындалмау себептерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында бас тартуды мынадай:

1) бұйрықтардағы қолтаңбалардың нотариатта куәландырылған үлгілерге сәйкес келмеген;

2) операцияны жасауға бұйрықты алған күннен кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде қарсы бұйрықты ұсынбаған;

3) бұйрықтар деректемелерінің Қағидаларда белгіленген деректемелерге немесе жеке шоттың (қосалқы шоттың) деректемелеріне сәйкес келмеген;

4) есептеулерін есепке алу ұйымы жүзеге асыратын бұйрықтардың жекелеген түрлеріне қатысты орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) және (немесе) клиенттердің шоттарында (қосалқы шоттарында) ақшаның қажетті саны болмаған;

5) мәміле мазмұнының Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес келмеуі;

6) клиент мәмілені тіркеу үшін белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда уәкілетті орган ірі қатысушы мәртебесін иеленуге берген келісімді растайтын құжатты ұсынбаған;

7) тиісінше мемлекеттік органдардың не соттың бағалы қағаздардың айналысқа жіберілуін тоқтата тұру және тоқтату туралы шешімі болған;

8) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 65-бабының 6-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) жеке шот (қосалқы шот) оқшауланған;

9) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес банктердің біреуіне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген банктер біріктіру нысанында қайта ұйымдастырылған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шоттарына) (қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операцияларын жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығына) ауыртпалық салынған;

10) бұйрық қабылданған сәтте және (немесе) осы бұйрықтың қолданылу кезеңінде клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өткен;

11) номиналды ұстаушының ішкі құжатында көзделген жағдайларда рәсімдейді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Орталық депозитарийден айналыстағы мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитент жіберген дефолт туралы, осындай эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына берілген сәйкестендіргіш туралы және айналыстағы мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздарды депоненттердің және олардың клиенттерінің қосалқы шоттарынан есептен шығару және эмитенттің осындай эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша міндеттемелері жөніндегі талап ету құқығын есепке жатқызу бойынша номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде жүргізілген операциялар туралы хабарлама алғаннан кейін номиналды ұстаушы бір жұмыс күні ішінде айналыстағы мерзімі өткен (номиналды ұстаушының есепке алу жүйесінде Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес осындай құқығы бар мемлекеттік органдардың актілері негізінде оқшаулау операциясын жүргізген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) эмиссиялық бағалы қағаздарды есептен шығару және осы бағалы қағаздар бойынша туындаған міндеттемелерді (ауыртпалық салу, сенімгерлік басқару) сақтай отырып, мұндай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша талап ету құқығын есепке жатқызу бойынша өз клиенттерінің қосалқы шоттары бойынша ұқсас операцияларды жүргізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген барлық операцияны жүргізген күннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде номиналды ұстаушы эмитентке, сенімгерлік басқарушыларға, сондай-ақ айналыстағы мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған бағалы қағаздардың ауыртпалығы пайдасына жүзеге асырылған тұлғаларға хабарлама (есептер) жібереді.

Егер айналыстағы мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша номиналды ұстаушы бұрын Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес осындай құқығы бар мемлекеттік органдардың актілері негізінде оларды оқшаулау операциясын жүзеге асырса, номиналды ұстаушы орталық депозитарийден осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде тиісті мемлекеттік органға айналыстағы мерзімі өткен және эмитент оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған осындай бағалы қағаздар бойынша және осы бағалы қағаздар эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына ауыстыруға жататыны туралы бағалы қағаздарды оқшаулау бойынша операциялар жүргізілген актінің негізінде хабарлама жібереді.

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ туралы заң) көзделген негіздер бойынша бұғаттауды жүзеге асыру кезінде хабарлама қаржылық мониторингті жүзеге асыратын және КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ туралы заңға сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөнінде өзге іс-шараларды қабылдайтын мемлекеттік органға жіберіледі.

Бұл ретте осындай эмиссиялық бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан оларды есептен шығару және айналыстағы мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде ашылған эмитенттің жеке шотына есепке жатқызу, сондай-ақ осындай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын оларды ұстаушылардың жеке шоттарына есепке жатқызу операциялары Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды оқшаудан алу бойынша операцияларды жүргізгеннен кейін осындай құқығы бар мемлекеттік органдардың актілері негізінде номиналды ұстаушы жүргізеді.

Эмитент айналыстағы мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын номиналды ұстаушы алдындағы міндеттемелерін орындаған кезде, Қағидалардың 31-тармағында белгіленген тәртіппен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде ашылған, осындай эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын оларды ұстаушылардың жеке шотынан есептен шығару және

эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша сатып алынған талап ету құқықтарын есеп алатын эмитенттің жеке шотына есепке жатқызу операциясын жүргізеді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Номиналды ұстаушы жеке шоттағы ұстаушы туралы мәліметтердің өзгеруі жөніндегі операцияны аталған тұлғаның ол жөніндегі мәліметтердің өзгеруі туралы бұйрықтың және тізбесі номиналды ұстаушының ішкі құжаттарымен белгіленетін осы өзгерістерді растаушы құжаттар негізінде жүргізеді.

Номиналды ұстаушы клиенттерінің бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған ақшасын номиналды ұстаушының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шотынан оның орталық депозитарийде ашылған корреспонденттік шотына аударған жағдайда, бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған бағалы қағаздар ұстаушыларының банктік деректемелерін өзгерту бөлігінде ұстаушы туралы мәліметтерді өзгерту бойынша операция осы номиналды ұстаушының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Номиналды ұстаушы жеке шоттағы инвестициялық пай қоры туралы мәліметтердің өзгеруі бойынша операцияны осы қордың басқарушы компаниясының қор туралы мәліметтердің өзгеруі туралы бұйрықтың және тізбесі номиналды ұстаушының ішкі құжаттарымен белгіленетін осы өзгерістерді растаушы құжаттар негізінде жүргізеді.

Осы тармақтың бірінші және үшінші бөліктерінің талаптары орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі клиент туралы деректерді СДАО немесе мемлекеттің қатысуымен кредиттік бюро ұсынатын немесе мемлекеттік дерекқордан алынған ақпараттағы мұндай клиенттер туралы деректермен салыстырып тексеру аясында жүргізілетін орталық депозитарийдің клиенттер туралы деректерді жаңартуы жағдайларына қолданылмайды.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Айналыстағы мерзімі өткен және эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар жөнінде эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді тіркеу талап ету құқығын беретін тұлғаның жеке шотынан осы бағалы қағаздар жөнінде эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын шығынға жазу және осы бағалы

қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді пайдасына жүргізілетін тұлғаның жеке шотына есепке алу бойынша операцияларды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Айналыстағы мерзімі өткен және эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған эмиссиялық бағалы қағаздар жөнінде эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді тіркеу Қағидалардың 22-тармағында белгіленген бағалы қағаздар бойынша құқықтарының өтуін тіркеу тәртібін ескере отырып жүзеге асырылады.

31. Номиналды ұстаушы бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтары негізінде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқықтарын) бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан (жеке шотынан) есептен шығару (жеке шоттарына (жеке шотына) есепке жазу) операцияларын жүргізеді, мына жағдайларды қоспағанда:

1) орталық депозитарийдің және қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес тіркелетін, ұйымдастырылған нарықта жасалған операцияларды;

2) Азаматтық процестік кодекстің 226-бабына сәйкес ресімделген заңды күшіне енген сот шешімі бойынша бағалы қағаздар жөніндегі құқықтардың өзгеруі немесе тоқтатылуы бойынша операцияларды;

3) клиенттердің жеке шоттарынан оларға тиесілі Банктер туралы заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес мәжбүрлеп сатып алуға жататын екінші деңгейдегі банктердің акцияларын есептен шығару және осы акцияларды Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18669 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 мамырдағы № 70 қаулысымен бекітілген Банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды кейіннен инвесторларға міндетті түрде сату қағидаларында белгіленген тәртіппен қабылданған уәкілетті органның шешімі негізінде тіркелетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шотына есепке жазу бойынша операциялар;

4) тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шотынан) (шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқығы) есептен шығару (есепке жазу) операциялары мұрагер немесе оның өкілі берген тиісті бұйрықтың, мұрагерлік құқығы туралы куәлік түпнұсқасының немесе нотариат куәландырған көшірмесінің, мұрагер өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттардың және номиналды ұстау жүйесінде мұрагердің жеке шоты болмаған жағдайда, Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көрсетілген құжаттардың негізінде тіркелетін бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқығы) мұрагерлікке алу;

5) эмитенттің бағалы қағаздарын және өзге ақша міндеттемелерін эмитенттің жай акцияларына айырбастау, тиісті жазбаларды енгізу бойынша операциялары эмитенттің бұйрығы негізінде жүзеге асырылатын немесе орталық депозитарийдің хабарламасы

негізінде көрсетілетін эмитенттің орналастырған акцияларының бір түрінен осы эмитенттің акцияларының басқа түріне айырбастау жағдайлары;

6) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінен алынған тіркелген операциялар туралы есептің негізінде жүзеге асырылатын акционерлік қоғамдарды қайта ұйымдастыру кезінде бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттарынан (жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке жазу) операциялары;

7) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиядан айырылған немесе бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын ерікті қайтару туралы шешім қабылдаған және бұл ретте клиентке осы Қағидалардың 35-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны жіберген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде одан активтерді есептен шығаруға бұйрықты алмаған не клиент тұрғылықты орны (тұрғылықты жері) бойынша болмағаны туралы хабарлама алған жағдайда номиналды ұстаушы клиентінің жеке шотынан бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқығы) есептен шығару бойынша операциялар, сондай-ақ осы бағалы қағаздарды орталық депозитарий (талап ету құқығын) номиналды ұстаушының клиентіне бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде ашқан жеке шотқа есепке алу операциялары;

8) инвестициялық пай қорларының пайларын орналастыру және (немесе) сатып алу жөніндегі операцияларды.

Егер мәмілені жасау үшін мәміле тараптарының біреуіне уәкілетті органның рұқсаты (келісімі) қажет болған жағдайда, номиналды ұстаушы осындай келісімнің бар екенін растайтын құжатты сұратады. Уәкілетті органның талап етілетін рұқсаты (келісімі) болмаған кезде номиналды ұстаушы мәмілені тіркеуден бас тартады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің талаптары бағалы қағаздарды сенімгерлік басқаруға беру кезінде номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жүргізілетін операцияларға қатысты қолданылады.

Номиналды ұстаушының бағалы қағаздарды ұстаушылар шоттарының эмиссиялық бағалы қағаздар жөнінде эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқығымен "репо" операциялары жүргізілмейді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Егер бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқығымен) мәміле жасау туралы шарт тараптары шарттың талаптарын өзгертсе немесе мұндай шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 401-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың келісуімен бұзылған жағдайда тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шотынан) (шоттарына)

бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқығы) есептен шығару (есепке жазу) операциялары шарт тараптарының қарсы бұйрықтарының негізінде жүргізіледі.

33. Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шотынан) (шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқығы) есептен шығару (есепке жазу) операцияларын жүргізгеннен кейін олар жіберген қатенің салдарынан мәміле тараптары осындай операция жүргізуге олар ұсынған бұйрықтарды көрсетілген мәліметтерден, мәміле туралы шарт талаптарынан сәйкессіздіктерді анықталған жағдайда, номиналды ұстаушы қатенің жөндеу мақсатында тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан (шотынан) (шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемесі бойынша талап ету құқығы) есептен шығару (есепке жазу) операциялары шарт тараптарының қарсы бұйрықтарының және мәміле талаптарын растайтын шарттың көшірмесі негізінде жүргізіледі.

33-1. Номиналды ұстаушы (номиналды ұстаушылар) бөлу немесе қосылу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда мұндай қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған және қайта ұйымдастырылған номиналды ұстаушының (қайта ұйымдастырылған номиналды ұстаушылардың) лицензиясын "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 34-бабының 1 және 5-тармақтарында белгіленген тәртіппен қайта ресімдеген заңды тұлға уәкілетті органнан қайта ресімделген лицензияны алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде № 307 қағидаларының 37-тармағында көрсетілген операцияларды жасауға арналған бұйрықты орталық депозитарийге беруді жүзеге асырады.

Ескерту. 33-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

33-2. Номиналды ұстаушылар біріктіру нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда біріктіру жүргізілген номиналды ұстаушы Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес тараптар беру актісіне қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде № 307 қағидалардың 37-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген операцияларды жасау жөніндегі бұйрықты орталық депозитарийге беруді жүзеге асырады.

Ескерту. 33-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.10.2016 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 262 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

34. Орталық депозитарий (кастодиан) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушының лицензиясын тоқтата тұрған не айырған жағдайда, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушының номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын лицензиясын ерікті қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда номиналды ұстаушының не оның клиенттерінің номиналды ұстаушының не бағалы қағаздары есебінің (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) орталық депозитарийдің (кастодиан) есеп жүргізу жүйесіндегі қосалқы шотында жүзеге асырылатын клиенттің Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мәліметтерді қамтыған бұйрығының негізінде номиналды ұстаушының шотынан бағалы қағаздарды шығынға жазуды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) жүзеге асырады.

Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушысының лицензиясы тоқтатыла тұрғаннан кейін ақпараттық операцияларды және "репоны" жабу операцияларын, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген операцияларды қоспағанда, жеке шоттар бойынша операцияларды жүргізу жүзеге асырылмайды.

Сауда-саттық ұйымдастырушының сауда жүйесінде "тікелей" тәсілмен жүзеге асырылатын "репо" операциялары осы номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушысының лицензиясы тоқтатыла тұрған күннен бастап, егер осы номиналды ұстаушының клиенті онымен жасалған шарт негізінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жаңа номиналды ұстаушыда ашылған өз қосалқы шотына өз қаржы құралдарын аударым жасауға бұйрық бермеген жағдайда, 5 (бес) жұмыс күні ішінде жабылады.

Ұйымдасқан нарықта "автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын "репо" операциялары номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушысының лицензиясы тоқтатыла тұрған жағдайда сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларына сәйкес жабылады.

Кепіл мәні болып табылатын қаржы құралдары номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушысының лицензиясы тоқтатыла тұрған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жаңа номиналды ұстаушыда (онымен жасалған шарт негізінде) ашылған клиенттің қосалқы шотына немесе клиенттің бағалы қағаздарды

ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі жеке шотына аударылады. Тараптардың келісімі бойынша кепіл мәні болып табылатын қаржы құралдарымен мәміле мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.10.2019 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

34-1. Басқарушы компаниясы инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айрылған инвестициялық пай қорының номиналды ұстауға берілген пайларын кастодианның сатып алу бойынша операцияны тіркеуін қамтамасыз ету мақсатында және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы өзінің номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде мұндай пайларды есепке алуды жүзеге асырған номиналды ұстаушы есебінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айрылған жағдайда, мұндай инвестициялық пай қорының кастодианы бір мезгілде кастодианға хабарлай отырып, пай ұстаушыларға номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде клиентпен жасалған номиналды ұстау туралы шарт шеңберінде ашылған клиенттердің шоттарындағы пайларды есептен шығару туралы бұйрықтарды орталық депозитарийге ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды.

Пай ұстаушыдан пайларды есептен шығару жөніндегі бұйрықты алған жағдайда, орталық депозитарий Қағидалардың 34-тармағының бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді орындайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны пай ұстаушыға жіберген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде пайларды есептен шығару туралы бұйрықты не пай ұстаушының орналасқан жерде (тұрғылықты жері бойынша) болмауы туралы хабарламаны алмаған жағдайда, кастодиан:

орталық депозитарийге пай ұстаушыға бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде жеке шот ашуға бұйрықты жібереді;

орталық депозитарийден пай ұстаушыға бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдердің жүйесінде жеке шотты ашу туралы хабарлама алғаннан кейін орталық депозитарийге орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған номиналды ұстаушының шотынан пай ұстаушыға орталық депозитарий оларды кейіннен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шотқа есептеу мақсатында пайларды есептен шығаруға бұйрық жібереді.

Егер Орталық депозитарий кастодиан болып табылған жағдайда, пай ұстаушыдан осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны оған жіберген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде пай ұстаушыдан пайларды есептен шығаруға бұйрықты алмаған не пайларды ұстаушының орналасқан жері (тұрғылықты жері) бойынша болмауы туралы хабарлама алған жағдайда, орталық депозитарий пайларды

орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған номиналды ұстаушының шотынан бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесіндегі пайларды ұстаушыға ашылған жеке шотқа аударуды жүзеге асырады.

Ескерту. Қағидалар 34-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 43 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

35. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясынан айырылған жағдайда, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын лицензияны ерікті түрде қайтару кезінде номиналды ұстаушы клиенттердің номиналды ұстауға берілген активтердің қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында оларды номиналды ұстаудың есепке алу жүйесінде клиентпен номиналды ұстау жөнінде жасалған шарт аясында ашылған шоттардағы активтерді есептен шығару жөніндегі бұйрықтарды номиналды ұстаушыға ұсыну қажеттілігі туралы клиенттерді хабардар етеді.

Номиналды ұстаушы клиенттен активтерді есептен шығару жөніндегі бұйрықтарын алған жағдайда Қағидалардың 34-тармағының бірінші бөлігінде көзделген әрекеттерді орындайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны клиентке жіберген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде клиенттің активтерін есептен шығару туралы бұйрықты не клиенттің орналасқан жерінде (тұрғылықты жері бойынша) болмауы туралы хабарламаны алмаған жағдайда, номиналды ұстаушы:

орталық депозитарийге номиналды ұстаушының клиентіне бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде жеке шот ашуға бұйрықты және номиналды ұстаушыға оның клиенті номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот ашу үшін ұсынған құжаттарды жібереді;

орталық депозитарийден номиналды ұстаушының клиентіне бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде жеке шотты ашу туралы хабарлама алғаннан кейін орталық депозитарийге орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған номиналды ұстаушының шотынан номиналды ұстаушының клиентіне оларды кейіннен бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде ашылған жеке шотқа орталық депозитарийдің есептеуі мақсатында бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығын) есептен шығаруға бұйрық жібереді;

клиенттің ақшасын кейіннен номиналды ұстаушының осы клиентіне тапсыру үшін оларды нотариус депозитіне береді және осы нотариус туралы орталық депозитарийге мәліметтер береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны оған жіберген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде егер номиналды ұстаушы клиентінің активтері бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-эмитенттерінің бағалы қағаздарын (бұдан әрі – шетел бағалы қағаздары) құрайтын активтерді есептен шығару жөніндегі бұйрық алынбаса, номиналды ұстаушы:

шетел бағалы қағаздарына қатысты номиналды ұстау қызметін көрсететін кастодианға кастодианды есепке алу жүйесінде ашылған номиналды ұстаушының шотынан шетел бағалы қағаздарын есептен шығару жөніндегі бұйрықты және орталық депозитарийге оларды орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде номиналды ұстаушының клиентіне ашылған қосалқы шотына кейіннен есептеу мақсатында жібереді;

мұндай қосалқы шот болмаған не "жоғалған клиент" мәртебесі бар номиналды ұстаушы клиентінің осының алдында ашылған қосалқы шотын иеленуге бұйрық болмаған жағдайда орталық депозитарийге "жоғалған клиент" мәртебесі бар номиналды ұстаушының клиентіне қосалқы шотты ашу жөніндегі бұйрықты жібереді;

"жоғалған клиент" мәртебесі бар номиналды ұстаушының клиентіне қосалқы шот ашу туралы не номиналды ұстаушы клиентінің осының алдында ашылған қосалқы шотына "жоғалған клиент" мәртебесін беру туралы орталық депозитарийден хабарлама алғаннан кейін орталық депозитарийге орталық депозитарийді есепке алу жүйесіндегі номиналды ұстаушының клиентіне ашылған қосалқы шотқа шетелдік бағалы қағаздарды есепке алу жөніндегі бұйрықты жібереді.

Кастодиан орталық депозитарий болып табылған жағдайда, номиналды ұстаушы өз клиентінен осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны, шетелдік бағалы қағаздарды есептен шығару жөніндегі бұйрықты оған жіберген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде алмаған кезде, номиналды ұстаушы орталық депозитарийге орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде номиналды ұстаушы осы клиентке ашқан қосалқы шотқа "жоғалған клиент" мәртебесі берілгендігі туралы шығарылған бұйрықты жібереді.

Орталық депозитарийдегі жеке шоттан барлық бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығын) есептен шығарғаннан кейін және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар есепте тұрған барлық қосалқы шоттар бойынша "жоғалған клиент" мәртебесі берілгеннен кейін номиналды ұстаушы орталық депозитарийге оның атына ашылған жеке шотқа "жоғалған клиент" мәртебесі берілгендігі туралы шығарылған бұйрықты жібереді.

Егер номиналды ұстаушы клиентінің жеке шотында мәмілелер жүргізуге шектеулер белгіленген бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) тұрса, онда Қағидалардың осы тармағында көрсетілген іс-әрекеттер салынған мұндай шектеулер туралы мәліметтерді орталық депозитарийге бір мезгілде берумен, оларды мұндай бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) есепке жазылатын жеке шотта міндетті түрде көрсетумен және ол шектеулерді салған адамға ол бойынша салынған шектеулермен мұндай бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) одан әрі есепке алу жүзеге асырылатын жеке шоттың жаңа деректемелерін көрсетумен жүргізілген операциялар туралы бір мезгілде хабарлай отырып жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 43 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. Орталық депозитарий "жоғалған клиент" мәртебесі бар номиналды ұстаушының клиентіне қосалқы шот ашуға не орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде ашылған номиналды ұстау клиентінің қосалқы шотына "жоғалған клиент" мәртебесін иеленуге және клиенттің осындай қосалқы шотына шетелдік бағалы қағаздарды есепке алуға номиналды ұстаушының бұйрығын алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде мыналарды жүзеге асырады:

номиналды ұстаушының жеке шоты шеңберінде номиналды ұстаушының клиентіне қосалқы шот ашу және осы қосалқы шотқа "жоғалған клиент" мәртебесін беру не номиналды ұстаушы клиентінің ашылып қойылған қосалқы шотына осындай мәртебені орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген тәртіпте беру;

шетелдік бағалы қағаздарға қатысты номиналдық ұстау қызметін орталық депозитарийге көрсетуші есептік ұйымға шетелдік бағалы қағаздарды есепке алуға арналған бұйрықты (бұйрықтарды) жіберу.

Орталық депозитарий егер номиналды ұстаушының осы жеке шоты бойынша басқа ашылған қосалқы шоттары болмаған жағдайда, "жоғалған клиент" мәртебесі аясында орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген тәртіпте "жоғалған клиент" мәртебесі бар клиенттің (клиенттердің) қосалқы шоты (қосалқы шоттары) ашылған номиналды ұстаушының бұйрығы негізінде жүзеге асырады.

Орталық депозитарийге бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) меншік иесі өтініш жасаған жағдайда, орталық депозитарий бағалы қағаздардың осы меншік иесіне бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде ашылған оның жеке шотының деректемелерін және номиналды ұстаушының осы клиенттің ақшасын депозитке берген жағдайда нотариус туралы мәліметтерді ұсынады.

Орталық депозитарийдің ішкі құжаттармен белгіленген тәртіпте орталық депозитарий "жоғалған клиент" мәртебесін берген номиналды ұстаушының клиентіне қосалқы шот бойынша номиналды ұстаудан шетел бағалы қағаздарын шығару бойынша ғана депонент клиенттің бұйрығы негізіндегі операцияларды жүргізеді не осындай бағалы қағаздарды басқа номиналды ұстаушыға номиналды ұстауға аударым жасауы бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Ұйымдастырылған нарықта пайларды орналастыру бойынша орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде операциялар жасау тәртібі орталық депозитарий ережесінің жиынтығымен белгіленеді.

Орталық депозитарий инвестициялық пай қорының пайларды орналастыру бойынша сауда-саттықты және орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде мәмілелерді тіркеуді жүргізу күнінде номиналды ұстаушыға орналастырылған пайлар санын көрсете отырып, орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде операцияның орындалғандығы туралы растау жібереді.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

38. Жеке шоттар бойынша операцияны жүргізуге бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтарында мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) бұйрықты тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- 2) эмитенттің немесе инвестициялық пай қорының атауы;
- 3) мәмілеге қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәмілеге қатысатын тұлғалардың жеке шоттарының нөмірлері;
- 5) бағалы қағаздардың түрі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші);
- 6) операцияны жүргізуге арналған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) саны;
- 7) бағалы қағаздарға қатысты мәмілелер (операциялар) түріне берілген нұсқау;
- 8) кепіл мәмілесін тіркеу кезінде кепіл ұстаушыға берілетін бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) бойынша құқықтарға қатысты мәліметтер;
- 9) мәміле мәні болып табылатын бір бағалы қағаздың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығының) бағасы немесе мәміле сомасы туралы мәліметтер;
- 10) номиналды ұстаушының ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәліметтер.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 9) тармақшасында көзделген мәліметтер осы бағалы қағаздарға меншік құқығының ауысуын көздемейтін (эмитенттің бір эмиссиялық бағалы қағаз бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқығы), сондай-ақ бағалы қағаздарды сыйға тарту және мұраға алумен байланысты (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) бағалы қағаздар ұстаушыларының бағалы қағаздарды есептен шығару және есепке жазу (эмитенттің бір эмиссиялық бағалы қағаз бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқығы) операцияларын жүргізу туралы бұйрықтарында көрсетілмейді.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Жеке шоттар бойынша операцияны жүргізу жөніндегі бұйрыққа мәмілеге қатысушы адам немесе оның өкілі немесе Қағидалардың 35-тармағында көрсетілген жағдайда номиналды ұстаушы қол қояды.

Инвестициялық пай қорының ақпараттық операцияларын қоспағанда, басқарушы компанияның пайлармен операцияны жүргізу жөніндегі бұйрығына оның өкілі қол қояды, сондай-ақ инвестициялық пай қоры активтерінің есебін қамтамасыз ететін кастодиан бөлімшесінің басшысы қол қояды не ақпараттық операцияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында пайлармен операциялар жүргізу жөніндегі инвестициялық пай қорын басқарушы компанияның бұйрығын өзінің растайтынын номиналды ұстаушыға жіберу арқылы кастодиан растайды.

Кастодианның басқарушы компанияның бұйрығын растаудың нысаны мен мазмұны номиналды ұстаушының ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Номиналды ұстаушының клиенті электрондық қызмет алуға өтініш жасаған жағдайда электрондық құжат нысанындағы немесе клиентті серпінді және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы куәландырған өзге электрондық-цифрлық нысандағы, сондай-ақ SWIFT, Bloomberg, Reuters жүйелерін пайдалану арқылы бұйрықтарды беруге рұқсат етіледі. Бұйрықтарды берудің тәртібі мен талаптары, сондай-ақ олардың форматтары номиналды ұстаушының ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Нақтылы ұстаушы бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу жөніндегі операцияларды бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынатын ұстаушының

және пайдасына оларға ауыртпалық салынатын тіркелген тұлғаның қарсы бұйрықтарының негізінде жүргізеді, бұған Қағидалардың 40-1-тармағында белгіленген жағдайлар қосылмайды. Бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарға) ауыртпалық салынған кезде бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотында пайдасына ауыртпалық жүзеге асырылатын тұлға туралы жазба жасалады, ал бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) "негізгі" бөлімінен осы жеке шоттың "ауыртпалық салу" бөліміне есепке алынады. Пайдасына ауыртпалық жүргізілген тіркелген тұлғаның жеке шотына ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың түрі, саны, олардың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сәйкестендіргіші) туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынған ұстаушы туралы жазба енгізіледі.

Номиналды ұстаушы ауыртпалығы бар бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) алып тастау операцияларын мәмілеге қатысқан тұлғалардан салынған ауыртпалықты (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) алып тастау туралы қарсы бұйрықтардың негізінде жүргізеді. "Ауыртпалық салу" бөлімінен Бағалы қағаздардың қиындығын алып тастау бойынша операцияларды жүргізу кезінде бағалы қағаздар бағалы қағаздар ұстаушысының "негізгі" жеке шотына ауыстырылады. Тіркелген тұлғаның жеке шотында бағалы қағаздар бойынша салынған ауыртпалық туралы жазбаның (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) күші жойылады.

Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген олардың біреуіне қатысты қосылу нысанында банктерді қайта ұйымдастырған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шотынан (шоттарынан) шотына (шоттарына) бағалы қағаздарды есепке алу (есептен шығару) бойынша операциялар жүргізген кезде ауыртпалық бойынша және ауыртпалықты алып тастау жөніндегі операциялар орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке шотынан (қосалқы шотынан) үзінді көшірменің негізінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 37-1-бабында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) ауыртпалық бойынша немесе ауыртпалықты алып тастау жөніндегі операцияларды тіркеу тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жиынтығында белгіленеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-1. Кепіл беруші эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде кепілге салынған бағалы қағаздарға құқықтардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) ауысуын оларды соттан тыс өткізу нәтижесінде тіркеу жөніндегі операцияны нақтылы ұстаушы мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырады:

ауыртпалықты алуға кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенімді тұлғасының) бұйрығы; және

сауда-саттық өтті деп танылған жағдайда, кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенім білдірілген тұлғасының) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) кепіл берушінің жеке шотынан (қосалқы шотынан) және сатып алушының бағалы қағаздарды оның жеке шотына (қосалқы шотына) есепке жатқызуға қарсы бұйрықтары; немесе

сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда, бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) кепіл ұстаушының меншігіне айналдыру кезінде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) кепіл ұстаушының (кепіл ұстаушының сенім білдірілген тұлғасының) жеке шотына (қосалқы шотына) есепке жатқызуға арналған бұйрығы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бұйрықтарға мыналар қоса беріледі:

Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында сауда-саттық туралы хабарландырудың жарияланғанын растайтын құжаттың көшірмесі;

кепіл берушіге Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген хабарламалардың тапсырылғанын немесе оларды кепіл шартында көрсетілген мекенжайға тапсырыс хаттарымен жібергенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

сауда-саттықты өткізу қорытындылары туралы (сауда-саттықты өтпеді деп тану туралы) құжаттың көшірмелері.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген операцияларды (операцияларды) жүргізуге арналған бұйрықтарда (бұйрықта) көрсетілген бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) саны осындай бұйрықтарды (осындай бұйрықты) беру күніне кепілге салынған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының) санынан аспайды.

Ескерту. Қағида 40-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.02.2021 № 37 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген олардың біреуіне қатысты қосылу нысанында банктерді қайта ұйымдастырған кезде барлық бөлімдерінің барлық жеке шоттарынан (қосалқы шоттарынан) есептен шығарылады және қосылатын банктің жеке шотына (қосалқы шотына) есепке алынады.

Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген олардың біреуіне қатысты қосылу нысанында банктерді қайта ұйымдастыру кезде, орналастырылатын бағалы қағаздар:

1) қосылатын банктің бағалы қағаздары есептен шығарылған бағалы қағаздарды ұстаушылардың немесе бағалы қағаздарды номиналды ұстаушылардың жеке шотына (қосалқы шотына) есепке алынады және сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін немесе жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына (қосалқы шотына) есепке алынбайды;

2) қосылатын банктің бағалы қағаздары есептен шығарылған сол жеке шоттарының (қосалқы шоттарының) бөлімдеріне есептеледі.

41-1. ETF ұйымдары – Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалауы Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелері ұсынған алдыңғы сауда күнінің соңындағы сұраныс бағасы (bid price) бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тарау 41-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.09.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚІ туралы заңда көзделген, терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесі негізінде бұғаттау және бұғаттауды алып тастау операцияларын қоспағанда, номиналды ұстаушы номиналды ұстау жүйесінде бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) бұғаттау және бұғаттауды алып тастау бойынша операцияларды Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 65-бабы 6-1-тармағының талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша осындай құқығы бар мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарының немесе клиент бұйрығының негізінде жүргізеді. Бұғаттау жөніндегі операция жүргізілген кезде бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) "негізгі" бөлімнен бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотын "бұғаттау" бөліміне ауыстырылады. Бұғаттауды алып

тастау жөніндегі операция жүргізілген кезде бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) "бұғаттау" бөлімінен "негізгі" бөлімге ауыстырылады.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Банктер туралы заңның 47-1-бабының 3-тармағында, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) 53-1-бабының 3-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-3-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарының акцияларын сенімгерлік басқаруды құрған кезде номиналды ұстаушы номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде қаржы ұйымы акцияларының меншік иесі болып табылатын бағалы қағазды ұстаушының жеке шотына сенімгерлік басқарушы туралы жазба енгізу жөнінде уәкілетті органның қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқаруды құру жөніндегі шешімдердің және сенімгерлік басқарушының осы бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотына сенімгерлік басқарушы туралы жазба енгізу туралы бұйрығының негізінде операциялар жүргізеді.

Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы ұйымының акциялары сатылған жағдайда номиналды ұстаушы Банктер туралы заңның 17-1-бабымен, Сақтандыру қызметі туралы заңның 26-бабымен және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-1-бабымен көзделген жағдайларда сенімгерлік басқарушының бұйрығы және уәкілетті органның қаржы ұйымының (банк не сақтандыру холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге келісімін растайтын құжат негізінде олардың меншік иесі болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан осы акцияларды есептен шығару және осы акцияларды сатып алушының жеке шотына (жеке шоттарына) есепке алу жөніндегі операцияларды жүргізеді.

Номиналды ұстаушы сенімгерлік басқарушының осы бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны жою туралы бұйрығының негізінде сенімгерлік басқаруға берілген қаржы ұйымы акцияларының меншік иесі болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны жою жөніндегі операцияны жүргізеді.

Номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жүргізілген бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотына (жеке шотынан) сенімгерлік басқарушы туралы жазбаны енгізу (жою) жөніндегі операциялар осы операция жасалған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде номиналды ұстаушының бұйрығы негізінде орталық депозитарийді есепке алу жүйесінде көрсетіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Номиналды ұстаушы ұйымдаспаған нарықта "репо" операциясын мәмілені тіркеу жөніндегі қарсы бұйрықтар негізінде жүргізеді.

"Репо" операциясы мыналарға бөлінеді:

"репоны" ашу - "репо" операциясы қатысушыларының бірінен екіншісіне осы мәміле сомасында ақшаны аударуды және "репо" операциясының екінші қатысушының бағалы қағаздардың белгілі бір санын біріншісіне беруді жорамалдайтын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі;

"репоны" жабу - "репоны" ашу жағдайындағы сияқты "репо" операциясының екінші қатысушысынан біріншісіне осы мәміле сомасында ақшаны аударуды және "репоны" ашу мәмілесіндегі сияқты сол шығарылған бағалы қағаздар санын "репо" операциясының бірінші қатысушысының екіншісіне қайтаруды жорамалдайтын бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі.

Бір номиналды ұстаушының клиенттері арасында "репоны" ашуды жүргізу кезінде бағалы қағаздар сатушының жеке шотындағы "негізгі" бөлімнен сатып алушының жеке шотындағы "негізгі" бөлімге аударылады. Бір номиналды ұстаушының клиенттері арасында "репоны" жабуды жүргізу кезінде бағалы қағаздар сатушының жеке шотындағы "негізгі" бөлімнен сатып алушының жеке шотындағы "негізгі" бөлімге аударылады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 07.10.2019 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-1. Клиент бұйрығы немесе биржа куәлігі репо операцияларын өткізуге негіз болады.

Ескерту. 44-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 07.10.2019 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-2. "Репо" операциялары жасалу әдісі бойынша мынадай түрде топтастырылады:

- 1) ұйымдаспаған нарықта жасалатын "репо" операциялары;
- 2) ұйымдасқан нарықта тікелей әдіспен жасалатын "репо" операциялары;
- 3) ұйымдасқан нарықта орталық контрагенттің қызметін пайдаланусыз автоматты тәсілмен жасалатын "репо" операциялары;
- 4) ұйымдасқан нарықта орталық контрагенттің қызметін пайдаланумен автоматты тәсілмен жасалатын "репо" операциялары.

Ескерту. 44-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 07.10.2019 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-3. "Репо" операциялары орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығында айқындалған тәртіппен тіркеледі.

Ескерту. 44-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 07.10.2019 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

44-4. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-5. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-6. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44-7. Егер "репо" операциясының қатысушысы ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында автоматты тәсілмен жүзеге асырылатын "репо" операциясының шеңберінде сатып алса, оларға қатысты өзі эмитент болып табылатын бағалы қағаздарды осы бағалы қағаздарды оның бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотында (қосалқы шотында) есепке алуға жол беріледі.

Ескерту. Қағида 44-7-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 24.09.2021 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Номиналды ұстаушы акцияларды жою операцияларын уәкілетті органның жеке шоттардың барлық бөлімдерінен акцияларды есептен шығару жолымен акцияларды жою туралы хабарламасын алған күні жүргізеді.

Номиналды ұстаушы бағалы қағаздарды өтеу жөніндегі операцияны орталық депозитарийдің хабарламасы негізінде жеке шоттың барлық бөлімдерінен бағалы қағаздарды есептен шығару жолымен жүргізеді.

46. Орталық депозитарий жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және номиналды ұстаушыларға үзінді көшірменің негізінде аталған номиналды ұстаушылардың жеке шоттары бойынша тиісті операциялар жүргізгеннен кейін куәлікте көрсетілген эмитенттің акцияларын есепке алу жүзеге асырылатын жеке шоттарда орналастырылған акциялардың санын ұлғайту есебінен жарияланған акциялардың санын ұлғайту туралы ақпаратты номиналды ұстаушыларға жібереді.

Орталық депозитарийден жоғарыда көрсетілген құжаттарды алған номиналды ұстаушы күннің соңына дейін номиналды ұстауды есепке алу жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47. Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотын жабу бойынша операцияны номиналды ұстаушы:

1) клиенттің жеке шотты жабуға бұйрығының негізінде;

2) номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясынан айырылған жағдайда клиентке активтер қайтарылған кезде жүргізеді.

Егер осы шешім осы ұстаушымен жасалған номиналды ұстау туралы шарттың талаптарына қайшы келмесе, номиналды ұстаушының атқарушы органының шешімі негізінде соңғы он екі ай ішінде осы жеке шотта бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) болмаған кезде бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотын жабуға жол беріледі.

Заңды тұлғалардың жеке шоттарын жабу бойынша операция оларға қатысты банкроттық және тарату рәсімі аяқталған және мұндай жеке шоттарда бағалы қағаздар болмаған жағдайда, заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанын растайтын Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде жүзеге асырылады.

Номиналды ұстаушы қайтыс болған деп танылған не қайтыс болған деп жарияланған жеке тұлғаның жеке шотын мұндай жеке шотта бағалы қағаздар болмаған жағдайда қайтыс болғаны туралы куәліктің және (немесе) тиісті сот шешімінің негізінде жабады.

Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты жабылған кезде клиентке осы тармақтың үшінші және төртінші бөліктерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, номиналды ұстаушының ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша тиісі хабарлама жолданады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.09.2020 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Номиналды ұстаушы ақпараттық операцияны жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушының жазбаша өкімдері (бұйрықтары), Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында көзделген жағдайларда орталық депозитарийдің және (немесе) мемлекеттік органдардың сұратулары негізінде жүзеге асырады.

Номиналды ұстаушының клиенті электрондық көрсетілетін қызметтер алуға өтініш жасаған жағдайда және номиналды ұстаушының ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды ұстаушының өкімі (бұйрығы) ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында немесе клиентті серпінді және (немесе) биометриялық идентификаттау арқылы куәландырылған өзге электрондық-цифрлық нысанда жасалып, беріледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Жеке шоттың үзінді көшірмесі Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) жеке шоттың нөмірі;
- 2) бағалы қағаздарды ұстаушы заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
- 3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні (жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері);
- 4) эмитенттің атауы және оның орналасқан орны не инвестициялық пай қорының, сондай-ақ осы қордың басқарушы компаниясының атауы және оның орналасқан орны;
- 5) бағалы қағаздардың түрлері және сәйкестендіру нөмірлері немесе қаржы құралдарының өзге сәйкестендіргіштері;
- 6) облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу күні;
- 7) ауыртпалығы бар және (немесе) оқшауланған және (немесе) "репо" бөлімінде ескерілген, үзінді көшірмені жасаған күнгі және уақыттағы жағдай бойынша жеке шотта тіркелген бағалы қағаздардың санын көрсете отырып, белгілі бір түрінің жалпы саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары туралы мәліметтер);
- 8) номиналды ұстаушының атауы, бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның нөмірі, оның заңды мекенжайы, телефон нөмірі, факс нөмірі;
- 9) жеке шоттан үзінді көшірме алынған кездегі жағдай бойынша уақыты мен күні;
- 10) номиналды ұстаушының ішкі құжатында көзделген өзге де мәліметтер.

Орталық депозитарий ұсынатын жеке шоттан алынатын үзінді көшірме орталық депозитарийдің ішкі құжатында белгіленген нысан бойынша жасалады.

Жеке шоттан алынатын үзінді көшірмеге номиналды ұстаушының ішкі құжатына сәйкес ақпараттық операцияларды жүзеге асыратын номиналды ұстаушының құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның орнындағы адам қол қояды.

Электрондық құжат нысанында немесе номиналды ұстаушының ішкі құжаттарына сәйкес SWIFT пішінінде жеке шоттан үзінді көшірме жасауға және ұсынуға жол беріледі.

Номиналды ұстаушы клиент портфелінде қаржы құралдары болмаған жағдайда клиентпен келісу бойынша есепті кезең соңында үзінді көшірмені ұсынбайды.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 07.10.2019 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Қағидалардың 53 және 53-1-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, номиналды ұстаушы ақпараттық операцияны бағалы қағазды ұстаушының Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында алынған өкімдері (бұйрықтары), орталық депозитарийдің және (немесе) мемлекеттік органдардың сұратулары тіркелген сәттен бастап күнтізбелік үш күн ішінде жүргізеді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 22.01.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Номиналды ұстаушының номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпаратты орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша табыс ету тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

52. Орталық депозитарий уәкілетті органнан немесе эмитенттен сұратуды алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есепке алу үшін орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтері жария етілмеген тұлғаларға немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйымға жеке шоттар ашылған депоненттерге сұрау жолдайды.

Егер қаржы құралдары тізімді жасау сәтінде клиринг ұйымының (орталық контрагенттің) бөлімінде тіркелген болса және осы ұстаушы бір мезгілде осы қаржы құралдарының эмитенті болып табылса, онда орталық депозитарий клиринг ұйымына орталық контрагенттің қатысуымен автоматты "репо" мәмілесі бойынша контрагент туралы ақпаратты ашуға сұрау жолдайды.

Номиналды ұстаудағы және меншік иелеріне тиесілі бағалы қағаздардың саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары туралы) туралы ақпарат сұратқан адамға орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі мәліметтер, сондай-ақ орталық депозитарий номиналды ұстаушылардан алған мәліметтер негізінде беріледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, жеке шоттарында меншік иелеріне тиесілі бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) есепте тұратын номиналды ұстаушы уәкілетті органнан, орталық депозитарийден немесе эмитенттен сұратуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде сұратқан тұлғаға тиісті мәліметтерді ұсынады.

Есепке алу жүйесінде Қазақстан Республикасының резидент-эмитенттерінің шетелдік есепке алу ұйымының клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздары (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) есепке алынатын шетелдік есепке алу ұйымы орталық депозитарийдің сұрау салуы бойынша оған сұрау салуда көрсетілген мерзімдер мен көлемде тиісті мәліметтер ұсынады.

Бағалы қағаздарды есепке алу үшін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын номиналды ұстаушыларға жеке шоттар ашқан депоненттер орталық депозитарийден алынған сұратуда көрсетілген мерзім ішінде, бірақ орталық депозитарийдің сұратуын алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен аспайтын мерзімде акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысатын акционерлердің тізімін жасауға қажетті ақпарат ұсынады.

Осы тармақтың ережелері Қағидалардың 53-1-тармағында белгіленген жағдайларға қолданылмайды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.08.2025 № 43 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53-1. Орталық депозитарий эмитенттен немесе уәкілетті органнан акционерлердің түпкі меншік иелерін көрсете отырып, олардың тізімін алуға сұрау салуды алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жария ету талап етілетін ақпаратты:

бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде ашылған дербес шоттардың иелеріне;

эмитенттің бағалы қағаздарын есепке алу үшін клиенттерге дербес шоттар ашылған депоненттерге ("Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйымды қоса алғанда) сұрау салуды жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген тұлғалар осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген орталық депозитарийдің сұрау салуын алған күннен бастап 12 (он екі) жұмыс күнінен кешіктірмей орталық депозитарийдің сұрау салуында көрсетілген ақпаратты орталық депозитарийге береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген орталық депозитарийдің сұрау салуы бойынша ақпаратты беру мақсатында, депоненттер ("Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын

ұйымды қоса алғанда) орталық депозитарийдің сұрау салуын алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей осы сұрау салуды:

эмитенттің бағалы қағаздарының меншік иелері болып табылатын өз клиенттеріне;

эмитенттің бағалы қағаздарының меншік иелері болып табылатын клиенттерге орталық депозитарийдің сұрау салуын кейіннен қайта жіберу мақсатында дербес шоттарында эмитенттің бағалы қағаздары есепке алынатын номиналды ұстаушылар болып табылатын өз клиенттеріне қайта жібереді.

Эмитенттің бағалы қағаздарының меншік иелері болып табылатын депоненттердің клиенттері ("Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйымды қоса алғанда) депоненттерге ("Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйымды қоса алғанда) сұратылған ақпаратты ұсынады.

Эмитенттің бағалы қағаздарының меншік иелері болып табылатын номиналды ұстаушылардың клиенттері номиналды ұстаушыларға орталық депозитарийдің сұрау салуында көрсетілген ақпаратты ұсынады. Номиналды ұстаушылар эмитенттің бағалы қағаздарының меншік иелері болып табылатын өз клиенттерінен алынған түпкілікті меншік иелерінің тізімін жасау үшін қажетті ақпаратты депоненттерге ("Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын ұйымды қоса алғанда) қайта жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген орталық депозитарийдің сұрау салуы бойынша ұсынылатын ақпаратта:

эмитенттің бағалы қағаздарының меншік иесі ақпарат берген кезде – түпкі меншік иелері туралы мәліметтер;

депоненттер және (немесе) депоненттердің клиенттері болып табылатын номиналды ұстаушылар ақпарат берген кезде – эмитенттің бағалы қағаздар иелерінің тізімі түпкі меншік иелері туралы мәліметтер көрсетіле отырып, қамтылады.

Ескерту. Қағидалар 53-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Номиналды ұстаушы ақпаратты егер көрсетілген талапта өзге күн айқындалмаса орталық депозитарийдің және эмитенттің талабын алу күніне жасайды.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55. Номиналды ұстаушы орталық депозитарийдің және эмитенттің келісімі бойынша клиенттер туралы ақпаратты қағаз немесе электрондық тасымалдағыштарда ұсынады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56. Акционерлер тізімі Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жасалады және оларға тиесілі акциялар санын көрсете отырып, номиналды ұстаудағы акциялары бар меншік иелері туралы ақпаратты, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес акционерге берілген салық салу бойынша жеңілдіктің бар екендігі туралы мәліметтерді, сондай-ақ орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтері жоқ меншік иелеріне тиесілі акциялардың саны туралы ақпаратты қамтиды .

Акционерлер тізіміне номиналды ұстаушының ішкі құжатына сәйкес номиналды ұстаушыға берілген бағалы қағаздардың есебін жүзеге асыратын номиналды ұстаушының құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды.

Акционерлердің тізімі Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдаланумен электрондық құжат нысанында жасалады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Клиенттердің номиналды ұстаушыға берілетін құжаттары трансфер-агент көрсететін қызметтерді пайдаланған жағдайда Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Қағидалардың 49 және 56-тармақтарында белгіленген ақпаратты беру Қағидалардың 1, 2 және 3-қосымшаларында көрсетілген нысандарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.07.2018 № 166 қаулысымен.

58. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда, номиналды ұстаушы уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде бұл туралы лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған күні шарт жасалған өз клиенттеріне жазбаша хабарлама жібереді.

Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы лицензиясынан айырылған жағдайда, номиналды ұстаушы күнтізбелік үш күн ішінде лицензиядан айырған күні шарттар жасалған клиенттеріне лицензиядан айыру және олармен шарттарды бұзу туралы жазбаша хабарламаны жібереді.

Номиналды ұстаушы шарт бұзылған жағдайда клиентпен шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде клиенттің жазбаша хабарламасында көрсетілген жаңа номиналды ұстаушыға осы клиенттің номиналды ұстауын есепке алу жүйесін құрайтын құжаттарды береді.

Эмиссиялық бағалы
қағаздармен жасалған
мәмілелерді, эмиссиялық бағалы
қағаздар жөніндегі
эмитенттердің міндеттемелері
бойынша талап ету құқықтарын
беруді номиналды ұстауды
есепке алу жүйесінде және
бағалы қағаздарды
ұстаушылардың тізілімі
жүйесінде тіркеу, орталық
депозитарийдің есепке алу
жүйесінде және (немесе)
номиналды ұстауды
есепке алу жүйесінде тіркелген
тұлғаның жеке шотынан үзінді-
көшірмені беру және номиналды
ұстаушының номиналды
ұстауындағы бағалы қағаздары
бар клиенттер туралы ақпаратты
орталық депозитарийдің және
эмитенттің талап етуі бойынша
табыс ету қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшада оң жақ жоғары бұрыштағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

(номиналды ұстаушының атауы, бағалы қағаздар нарығында
кәсіби қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның
нөмірі және берілген күні, заңды мекенжайы,
телефон нөмірі, факс нөмірі)
20 __ жылғы _____ жағдай бойынша, уақыты _____
№__ жеке шоттан үзінді көшірме
Үзінді көшірме жасалған күні Уақыты _____
Бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтер:

Жеке тұлға - бағалы қағаздарды ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе заңды тұлға - бағалы қағаздарды ұстаушының атауы	
---	--

Жеке тұлға - бағалы қағаздарды ұстаушының жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері немесе заңды тұлға - бағалы қағаздарды ұстаушыны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні				
№	Эмитенттің немесе инвестициялық пай қорының және осы қордың басқарушы компаниясының атауы	Эмитенттің немесе инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының орналасқан жері	Бағалы қағаздардың түрі және халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды), қаржы құралдарының өзге сәйкестендіргіші	Облигацияларды (ислам бағалы қағаздарын) өтеу күні
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы:

Жеке шотта, оның ішінде мына бөлімдерде тіркелген бағалы қағаздардың жалпы саны:					Эмитенттің өкіміне сәйкес көрсетілген қосымша мәліметтер
негізгі	оқшаулау	"репо"	ауыртпалық салынған (пайдасына ауыртпалық салынған тұлғаны көрсете отырып)	өзге бөлімдер	
6	7	8	9	10	11

Номиналды ұстаушының ақпараттық операцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның орнындағы адам

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), (қолы) атқаратын лауазымы)

Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды

ұстауындағы бағалы қағаздары
бар клиенттер туралы ақпаратты
орталық депозитарийдің және
эмитенттің талап етуі бойынша
табыс ету қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшада оң жақ жоғары бұрыштағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

(номиналды ұстаушының атауы, бағалы қағаздар нарығында
кәсіби қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның
нөмірі және берілген күні, заңды мекенжайы,
телефон нөмірі, факс нөмірі)
20 __ жылғы ____ жағдай бойынша, уақыты ____
_____ акционерлерінің тізімі

(эмитенттің атауы)

Акционерлердің тізімін жасау мақсаты: акционерлердің жалпы жиналысын өткізу
Эмитент туралы мәліметтер:

Эмитенттің қазақ тіліндегі атауы	
Эмитенттің орыс тіліндегі атауы	
Эмитенттің орналасқан жері	
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні	

Акцияларды шығару туралы мәліметтер:

Жарияланған акциялар саны, олардың ішінде:	Жай (данамен)		Артықшылық берілген (данамен)	
Орналасырылған акциялар саны, олардың ішінде:	Жай (данамен)		Артықшылық берілген (данамен)	
Эмитент сатып алған акциялар саны, олардың ішінде:	Жай (данамен)		Артықшылық берілген (данамен)	

№	Меншік иесі-жеке тұлғаның тегі, аты,	Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері немесе заңды тұлғаны	Бағалы қағаздардың халықаралық
---	---	--	-----------------------------------

	әкесінің аты (ол бар болса) немесе меншік иесі-заңды тұлғаның атауы	мемлекеттік тіркеген (сәйкестендіру нөмірі (қайта тіркеген) күн ISIN коды)	
1	2	3	4

кестенің жалғасы:

Меншік иесінің жеке шотында (қосалқы шотында) тіркелген акциялар саны			
жай акциялар			
акциялардың жалпы саны	ауыртпалықтан босатылған	ауыртпалық салынған және (немесе) оқшауланған	дауыс беретін
5	6	7	8

кестенің жалғасы:

артықшылық берілген акциялар			Қосымша мәліметтер	
акциялардың жалпы саны	ауыртпалықтан босатылған	пайдасына ауыртпалық салу және (немесе) оқшаулау жүзеге асырылған тұлғаларды көрсете отырып, ауыртпалық салынған және (немесе) оқшауланған		
9	10	11	12	
Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтер жоқ меншік иесінде номиналды ұстауда тұрған және оған тиесілі бағалы қағаздардың саны туралы мәліметтер		Бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)	Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтер жоқ меншік иелерінде номиналды ұстауда тұрған, оларға тиесілі акциялардың саны	
			жай	артықшылық берілген
1	2	3	4	5

Номиналды ұстаушының бағалы қағаздарды есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), (қолы) атқаратын лауазымы)

Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды ұстаушының номиналды

ұстауындағы бағалы қағаздары
бар клиенттер туралы ақпаратты
орталық депозитарийдің және
эмитенттің талап етуі бойынша
табыс ету қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшада оң жақ жоғары бұрыштағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

(номиналды ұстаушының атауы, бағалы қағаздар нарығында
кәсіби қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның
нөмірі және берілген күні, заңды мекенжайы,
телефон нөмірі, факс нөмірі)
20 __ жылғы ____ жағдай бойынша, уақыты ____
____ акционерлерінің тізімі

(эмитенттің атауы)

Акционерлердің тізімін жасау мақсаты: бағалы қағаздар бойынша кірістер есептеу
Эмитент туралы мәліметтер:

Эмитенттің қазақ тіліндегі атауы	
Эмитенттің орыс тіліндегі атауы	
Эмитенттің орналасқан жері	
Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні	

Акцияларды шығару туралы мәліметтер:

Жарияланған акциялар саны, олардың ішінде:	Ж а й (данамен)		Артықшылық берілген (данамен)	
Орналасырылған акциялар саны, олардың ішінде:	Ж а й (данамен)		Артықшылық берілген (данамен)	
Эмитент сатып алған акциялар саны, олардың ішінде:	Ж а й (данамен)		Артықшылық берілген (данамен)	
№	Меншік иесі-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) немесе меншік иесі-заңды	Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттың атауы мен деректемелері	Банктік деректемелер (бар болса)	Бағалы қағаздардың халықаралық

	тұлғаның атауы			сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы:

Меншік иесінің жеке шотында (қосалқы шотында) тіркелген акциялар саны			Салық жеңілдігі болуы туралы мәліметтер		Қосымша мәліметтер
жай		артықшылық берілген			
6		7	8		9
Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтер жоқ меншік иесінде номиналды ұстауда тұрған және оған тиесілі бағалы қағаздардың саны туралы мәліметтер	Банк деректемелері (болған кезде)	Бағалы қағаздардың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)	Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтер жоқ меншік иелерінде номиналды ұстауда тұрған, оларға тиесілі акциялардың саны		Қосымша мәліметтер
			жай	артықшылық берілген	
1	2	3	4	5	6

Номиналды ұстаушының бағалы қағаздарды есепке алуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінің басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), (қолы) атқаратын лауазымы)

Эмиссиялық бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді, эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркеу, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді-көшірмені беру және номиналды

ұстаушының номиналды
ұстауындағы бағалы қағаздары
бар клиенттер туралы ақпаратты
орталық депозитарийдің және
эмитенттің талап етуі бойынша
табыс ету қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшада оң жақ жоғары бұрыштағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 06.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Клиенттің трансфер-агенттің қызметін пайдаланған жағдайда, номиналдық ұстаушыға берілетін құжаттары

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 202 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-нысан

(номиналды ұстаушының толық атауы)

жеке шотты ашуға (жабуға), тіркелген тұлға туралы
мәліметтерді өзгертуге бұйрық

(занды тұлға үшін)

Күні _____ Шығыс нөмірі _____

Бұйрықты жөнелтуші _____

(занды тұлғаның атауы)

Жеке шоттың нөмірі □□□□□□□□

(жеке шотты жапқан, тіркелген тұлға туралы мәліметтерді өзгерткен кезде толтырылады)

Жеке шотты ашуды (жабуды), тіркелген тұлға туралы мәліметтерді өзгертуді бұйырады

Операция түрі			
☐ Ашу	☐ Жабу	☐ Тіркелген тұлға туралы мәліметтерді өзгерту	
Клиенттің атауы:			
Қазақ тілінде			
Толық			
Қысқартылған			
Орыс тілінде			
Толық			
Қысқартылған			

Заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың деректемелері: (жеке шотты жапқан кезде мәліметтер көрсетілмейді, мәліметтерді өзгерткен кезде тек өзгерген деректемелер ғана көрсетіледі)			
Құжаттың атауы			
Құжатты берген күн			
Құжатты берген органның атауы			
Мекенжайы:			
Нақты орналасқан жері			
Банктік деректемелері:			
Шот ашылған банктің атауы			
Банктік сәйкестендіру коды (БСК)	□□□□□□□□		
Жеке сәйкестендіру коды (ЖСК)	□□□□□□□□□□□□□□□□		
Бизнес - сәйкестендіру нөмірі (БСН)	□□□□□□□□□□		
Резиденттік белгісі		Экономика секторы	☐
Лауазымды тұлғалар туралы мәліметтер:			
Бірінші басшының лауазымы			
Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)			
Бас бухгалтердің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)			
Байланыс құралдары:			
Телефон нөмірі			
Факс нөмірі			
Электрондық пошта мекенжайы			

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))			
Ескертпе (жеке шотты ашқан кезде номиналды ұстаушының қызметкері толтырады)			
Жеке шот	□□□□□□□□□□		
Орындалу күні	□□□□□□□□		
Қосымша мәліметтер	_____ _____		

2-нысан

(номиналды ұстаушының толық атауы)

жеке шотты ашуға (жабуға), тіркелген тұлға туралы
мәліметтерді өзгертуге бұйрық
(жеке тұлға үшін)

Күні _____ Шығыс нөмірі _____

Бұйрықты жөнелтуші _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (толығымен)

Жеке шоттың нөмірі □□□□□□□□□□

(жеке шотты жапқан, тіркелген тұлға туралы мәліметтерді өзгерткен кезде толтырылады)

Жеке шотты ашуды (жабуды), тіркелген тұлға туралы мәліметтерді өзгертуді бұйырады				
Операция түрі				
☐ Ашу	☐ Жабу	☐ Тіркелген тұлға туралы мәліметтерді өзгерту		
Жеке тұлға туралы мәліметтер; (жеке шотты жапқан кезде мәліметтер көрсетілмейді, мәліметтерді өзгерткен кезде тек өзгерген деректемелер ғана көрсетіледі)				
Тегі		□□□□□□□□□□□□□□□□		
Аты		□□□□□□□□□□□□□□□□		
Әкесінің аты (ол бар болса)		□□□□□□□□□□□□□□□□		
Туған күні		□□□□□□□□		
Азаматтығы		□□□□□□□□□□□□□□□□		
Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (бар болса)		□□□□□□□□□□□□		
Жеке басын куәландыратын құжат түрі				
Сериясы (бар болса), нөмірі, берген күні және берген орган				
Тұрғылықты жері				
Пошталық мекенжайы, телефон нөмірі				
Банктік деректемелері (бар болса):				
Банктің атауы				
Банктік сәйкестендіру коды (БСК) Жеке сәйкестендіру коды (ЖСК)		□□□□□□ □□ □□□□□□ □□□□□□ □□□□□□ □□		
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))				

Ескертпе (жеке шотты ашқан кезде номиналды ұстаушының қызметкері толтырады)

Жеке шоттың нөмірі

□□□□□□□□□□

Жеке шотты ашқан күн

□□/□□/□□□□

Қосымша мәліметтер

3-нысан

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы
туралы заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы
қағаздарды номиналды ұстауға енгізуге
(ұстаудан шығаруға) бұйрық

(номиналды ұстаушының толық атауы)

Күні

Шығыс нөмірі

Клиенттің толық атауы

Мәміленің (операцияның) түрі (қажеттісін белгілеу):

☐ Номиналды ұстауға енгізу

☐ Номиналды ұстаудан шығару

Мәміленің (операцияның) түрі (қажеттісін белгілеу)

☐ Бағалы
қағаздар
бойынша
құқықты
ауыстыр
мастан

☐ Сатып
алу (сату)

☐ Бастапқы
орналаст
ыру

☐ Пай
сатып
алу

☐ Басқасы

Шот нөмірі

□□□□□□□□□□

Бағалы қағаздардың деректемелері және мәміле (операция) өлшемдері

